

іс жүзінде партиялық тапсырмаларды орындау құралы ретінде пайдаланылды [4;5]. Осылайша, құқықтық институттар мен билік органдары өзара байланысып, социалистік идеологияның үстемдігін қамтамасыз ету құралына айналды.

Қорытындылай келе, Қазақ АССР-де құқықтық институттар мен билік органдарының қалыптасу тарихы – кеңестік құқықтық жүйенің және мемлекеттік басқару құрылымының қазақ қоғамына ықпалын көрсететін маңызды тарихи кезең. Бұл үдеріс қазақ жерінде социалистік билікті орнықтырумен қатар, құқықтық жүйені орталықтандыру мен құқықтық институттарды партиялық бақылауға алудың нақты көрінісі болды. Болашақ зерттеулерде Қазақ АССР-нің құқықтық тарихы тек саяси тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар аймақтық ерекшеліктер мен қазақ қоғамының әлеуметтік сұраныстарын ескеріп қарастырылуы тиіс деп есептейміз [7].

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. ҚазОАК. «Қазақ (Қырғыз) АССР-ін құру туралы» Декрет. - 1920.
2. Қазақ АССР Конституциясы. - 1926.
3. Ескендірұлы С. Қазақ АССР-нің мемлекеттік-құқықтық жүйесі. - Алматы: Қазақ университеті, 2004.
4. Кенжалиев З.Қ. Қазақстандағы кеңестік құқықтық жүйенің тарихы. - Алматы: Жеті жарғы, 1999.
5. Ашимбаев Т. Совет дәуіріндегі сот жүйесі. - Алматы: Заңгер, 2001.
6. РСФСР Қылмыстық кодексі. - 1922.
7. Прокуратура тарихы. - Алматы: ҚазАқпарат, 2003.

## XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ БОСҚЫНШЫЛЫҚҚА ҰШЫРАУ МӘСЕЛЕСІ: МИГРАЦИЯЛАР ТЕОРИЯЛАР КОНТЕКСТІНДЕ

### Құндызбай Диана Қуантайқызы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті докторанты,  
Қазақстан Республикасы, Алматы  
[diana.krmu@mail.ru](mailto:diana.krmu@mail.ru)

Кіріспе. Тарих ғылымында қандай да бір тарихи оқиғаны зерттеп, оған объективті баға беру ісі күрделі процестердің бірі. Себебі ол үшін зерттеліп жатқан оқиға немесе құбылысты барынша жан-жақты, кешенді түрде зерттеу өте маңызды.

Әлемдік ғылыми тәжірибеде мәселені тереңірек әрі жан-жақты зерттеудің тиімді жолдарының бірі ретінде зерттеу проблемасын түрлі әдіснамалық тәсілдер мен теориялық тұжырымдамалар контекстінде қарастыру кеңінен қолданылады. Ол қарастыратын мәселені барынша кешенді түрде қарастыруға мүмкіндік береді. Сондықтан да ғылыми зерттеу жұмысында оның әдіснамалық тәсілдерін айқындап, олардың қолданылу аясы мен ерекшеліктерін ашып көрсету өте өзекті болып табылады.

Тарихи зерттеулердің белгілі бір теориялық негіздемелермен сүйемелдене отырып жүзеге асырылуы оның құндылығын арттырып қана қоймай, жалпы зерттеу жұмысының болмысын аша түседі. Бұл ойды тарих ілімінің дамуын зерттеумен айналысқан теоретик ғалымдар да айтып кеткен. Мысалы, әлемдік тарих ғылымында әдіснама бойынша майталман маман болып саналатын Эдвард Хейлетт Карр кез келген тарихи зерттеу белгілі бір теориялық контекстке сүйенбесе, онда «құры фактілер тарихи процесс туралы өз бетінше ештеңе айта алмайды» деп топшылайды [1; 9-10 бб.]. Атақты американдық тарихшы-ғалым Хейден Уайт болса өзінің метатарих туралы еңбегінде тарихи оқиға мен тарихи процестерді нарратив ретінде сипаттап, оларды әдеби мен теориялық стратегияларсыз жүрмейтінін көрсетеді. Х. Уайттың айтуынша, тарихшылар тек қана фактілерді жазып қана қоймай, осы

теориялардың арқасында ғана тарихи оқиғаларды түсіндіріп бере алады [2; 9-10 бб.]. Сондықтан да тарихи зерттеулердің белгілі бір теориялық негіздер аясында түсіндірілсе, ол тақырыпты барынша жан-жақты ашып көрсетуге мүмкіндік береді.

Өзектілігі. Отандық тарихта теориялық, методологиялық тәсілдерді кеңінен қолдану арқылы кешенді түрде зерттеуді қажет ететін тарихи оқиғалар жеткілікті десек болады. Дегенмен де солардың ішінде ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақтардың босқыншылыққа ұшырауы мәселесін алып, оның әлемдік ғылыми айналымдағы озық теориялар мен концепциялар аясында зерттелуі отандық тарих ғылымы үшін ерекше маңызға ие екенін атап көрсетеміз. Сонымен қатар оның өзіндік себептері де бар.

Біріншіден, кеңестік тарихнамада босқыншылық феномені назардан тыс қалып отырды, тіпті, оған назар аударғанның өзінде де зерттеуші ғалымдар босқыншылықты сол кездегі қалыптасқан идеологиялық ұстанымдар шеңберінде ғана қарастырып, біржақты көзқараста болды. Осы тақырыпты зерттеген кейбір зерттеулер қазақтардың босқыншылыққа ұшырауын «антикеңестік элемент» ретінде қарастырып, оның себептері мен салдарына үңіле қоймады [3]. Міне, осы жерде әлемдік ғылыми айналымда кеңінен қолданылатын теориялар қазақтардың босқыншылыққа ұшырау мәселесін барынша объективті болмаса да, жаңа қырынан көруге көмектеседі. Себебі олар кеңестік идеология ұстанымдарынан азат, өзіндік тұжырымдарға ие. Тиісінше сол теориялар мен концепциялар ХХ ғасырдың 20-30 жылдардағы қазақтардың босқыншылыққа ұшырау мәселесі төңірегіндегі идеологиялық нарратив жібін үзіп, жаңа ұстанымдар аясынан түсіндіруге көмектеседі. Бұл, өз кезегінде, мәселені жаһандық миграциялық процестер контекстінде қарастыру арқылы оған барынша объективті баға беруге септігін тигізеді.

Екіншіден, тарихи процестерді түсіндіру барысында теориялық негіздерді қолдану оның мән-мағынасын түсінуге көмектеседі. Яғни, заманауи теориялар мен концепциялар қазақтардың босқыншылыққа ұшырауының себептерін, барысын, салдары мен тарихи маңызын түрлі позициялардан қарастыру арқылы ғылыми плюрализм орнайды. Сәйкесінше аталған проблема бойынша көзқарастар шеңбері анықталып, түрлі ұстанымдар мен көзқарастар өзара салыстырылып, объективтілікке барынша жету мақсатында қорытындылар жасауға болады.

Үшіншіден, ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақтардың босқыншылыққа ұшырауы мәселесі заманауи теориялар контекстінде қарастырылғанда тек тарих ғылымы ғана емес, сондай-ақ басқа да ғылым салалары аясынан қарастырылады. Бұл өз кезегінде мәселенің пәнаралық байланыстағы сипатын аша түседі.

Төртіншіден, аталған мәселеге қатысты заманауи теорияларды қолдану арқылы белгілі бір «тарихи сабақ» алуға болады. Яғни, қазақтардың босқыншылыққа ұшырауын түрлі тұжырымдар аясынан талқылай отырып, олардың тәжірибелерін қазіргі кездегі Орталық Азиядағы миграциялық процестерді талдау мәселесін қатысты қолдануға болатынына назар аударамыз.

Осылайша, аталған мәселеге қатысты әлемдік ғылыми айналымдағы миграциялық теориялар мен концепцияларды қолдану тақырыпты тек түсінуге ғана емес, сондай-ақ оның заманауи ғылым мен қоғам үшін маңыздылығын арттыра түсетіні сөзсіз.

Мақсаты мен міндеттері. Міне, осыған орай осы зерттеу жұмысының мақсаты – ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақтардың босқыншылыққа ұшырауы мәселесін заманауи әлемдік миграциялық теориялар мен концепциялар аясында қарастырып, оған тарихи баға беру болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін аталған мәселеге қатысты миграциялық теориялар мен концепцияларды анықтау, олардың зерттеу мәселесіне қатысты қолданылу дәрежесін көрсету, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарына талдау жасау, сондай-ақ, солардың негізінде қорытынды ойларды қалыптастыру міндеттерін орындау маңызды болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Мақаланың тақырыбы аясында ең алдымен тарихи әдіс қолданылып, 1920–30 жылдардағы қазақ халқының босқыншылыққа ұшырау себептері, саяси шешімдер мен экономикалық жағдайлар деректер негізінде хронологиялық тәртіппен

талданды. Миграциялық теориялар (мысалы, Эверетт Лидің итермелеуші/тартушы факторлар теориясы немесе Энтони Ричмондтың реактивті миграция тұжырымдамасы) босқыншылықтың құрылымдық және мәжбүрлі сипатын ғылыми тұрғыда түсіндіруге мүмкіндік берді. Контент-талдау әдісі архивтік белгілі бір нарративтерді, терминология мен риториканы анықтауға көмектесті. Салыстырмалы әдіс қазақ босқыншылығын аталған әлемдік заманауи миграциялық теориялар тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік беріп, аталған құбылыстың ерекшелігі мен жалпы тенденцияларын қарастыра алдық.

Нәтижелер. Жалпы XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақтардың босқыншылыққа ұшырауы мәселесін әлемдік ғылымда кеңінен танымал миграциялық теориялар мен тәсілдер контекстінде қарастырғанда оларды келесідей үш топқа бөліп талдаған жөн. Олар:

1. «Итермелеуші-тартушы факторлар» теориясы;
2. Мәжбүрлі көші-қон моделі;
3. Транзиттік миграция теориясы [4; 36-37 бб.].

Төменде солардың әрқайсыларына талдау жасалынады.

1. *«Итермелеуші-тартушы факторлар» теориясы.* Бұл категорияға біз «итермелеуші-тартушы факторлар» теориясы, мәжбүрлі көші-қон моделі және транзиттік көші-қон теориясын жатқызамыз.

Ең алдымен осы топтағы хронологиялық тұрғыдан алғашқы болып табылатын теорияға назар аударамыз. «Итермелеуші-тартушы факторлар» теориясын американдық ғалым Эверетт Ли негізін қалаған. Ол өзінің 1966 жариялаған «A Theory of Migration» еңбегінде көші-қон мәселелерін зерттеп, олардың себептеріне үңіледі. Нәтижесінде кез келген миграциялық процестің себебін құрайтын үлкен екі топ бар екенін ғылыми айналымға ұсынады. Ол топтарға халықтардың көшіп кетуіне әсер еткен «итермелеуші» және қоныс аударып барған жеріне қатысты «тартушы» жағдайларды жатқызады. Яғни, ғалымның негіздеуінше, бір ұлт немесе халықтың қоныс аударуына ең алдымен оларды өздерінің елдімекендерін тастап кетуге мәжбүрлейтін «итермелеуші» себептер болады, сондай-ақ басқа территорияда оларды «тартатын» факторлар болады [5; 52-53 бб.]. Енді осы теорияның негізінде XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақтардың босқыншылыққа ұшырауы мәселесін қарастырсақ, келесідей жәйттерді байқаймыз.

Ең алдымен, қарастырып отырған мәселе бойынша «итермелеуші» факторлар ретінде дәстүрлі көшпелі қазақ қоғамының бұзылуы мен сол кездегі кеңестік биліктің әрекеттерін жатқызамыз. Мысалы, солардың біріншісіне қазақ жерінде 1921-1922 және 1930-1932 жылдардағы ашаршылық оқиғаларын атап көрсетуге болады. Бір декада уақыты ішінде екі бірдей ашаршылық оқиғасының орын алуы жергілікті халықтың хал-жағдайына әсер етпеуі мүмкін емес жағдай. Екеуінен қазақтар арасында қайтыс болған адамдардың санының өсуі, күнделікті азық-түліктің болмауы (жетіспеуі) олардың басқа жақтан күнкөріс көзін іздеуіне «итермеледі». Оған қоса кеңестік биліктің жаппай ұжымдастыру, байлардың мал-мүліктерін тартып алу саясаты да дәстүрлі қазақ қоғамының болмысын бұзды. Қазақтардың дәстүрлі экономикалық байланыстарын үзді де, көшпелі халықтың өмірін өзгертті. Бұл да өзіндік деңгейде итермелеуші себеп болды. Сонымен қатар кеңестік билік тарапынан жүргізілген жаппай қуғын-сүргін шаралары да жергілікті халықты басқа жақтан пана іздеуіне итермеледі [6; 165-170 бб.]. Осылайша, міне осы үш тарихи жәйт қазақтардың босқыншылыққа ұшырауының «итермелеуші» факторлары болды.

Ал осы тарихи құбылыстың «тартушы» факторлары ретінде қазақтардың қоныс аударған аумақтарының таңдалу себептері қарастырылады. Атап айтқанда, неліктен кейбір қазақтар Қытайға көшуді ұйғарса, басқалары – Иран, Ауғанстан, Түркия сияқты елдерге дейін қоныс аударуға мәжбүр болды деген сұраққа жауап іздейді [7].

«Итермелеуші-тартушы факторлар» теориясы бойынша қазақтардың Қытай территориясына қоныс аударуының келесідей «тартушы» факторлары болды. Біріншіден, Қазақстанның ашаршылықтан ең қатты зардап шеккен аймақтары қазақтарына Қытайдың Синьцзян аумағы географиялық тұрғыдан жақын орналасты. Оған қоса ол жақта бұрыннан

белгілі бір қазақ қауымдастықтары болды, олар жаңадан қоныс аударушы қазақтардың жергілікті ерекшеліктерге үйренуіне, бейімделуіне септігін тигізері анық еді [8; 155 б.]. Сонымен қатар Қытай аумағының «тартымды» тұстарының бірі сол кездегі олардың билігінің шекаралық аймақтардағы бақылауының әлсіздігі болды. КСРО-Қытай шекарасының әлсіздігі себебінен қазақтардың ол жаққа өтіп кетуі жаппай көрініс тапты. Ал Қытай үкіметінің Синьцзяндағы салыстырмалы түрде осалдау билігі қазақтардың бастапқы кезде еркін өмір сүруіне саяси жағдайлар жасады [9; 275 б.]. Бірақ кейіннен тарихта бұл жағдайдың өзгергенін білеміз [10, 428 б.]. Нәтижесінде кейін қазақтар Қытайдан ары қарай басқа мемлекеттер аумақтарына қоныс аударуға мәжбүр болды.

Ал Моңғолия жеріне қоныс аударған қазақтар үшін келесідей «тартушы» факторлар болды. Біріншіден, Моңғолияның географиялық ландшафтары қазақ даласына ұқсас болды. Ол мал шаруашылығын жүргізуде өзгерістер әкелмейтін еді. Екіншіден, жергілікті моңғолдар да қазақтар сияқты көшпелі мал шаруашылығымен айналысулары да олардың шаруашылықтарын жеңілдетеді деп сенді. Үшіншіден, XX ғасырдың алғашқы ширегінде Моңғолия үкіметі қазақтар мекен ететін батыс аймақта әлі де болса бақылауын толық орната алмаған, билік орталықтанбаған болған [11; 78-79 бб.]. Бұл, өз кезегінде, қазақтардың саяси тұрғыдан еркіндікте өмір сүруіне белгілі бір жағдайлар жасады.

Қазақтардың арасында Иран мен Ауғанстан территориясына қоныс аударғандары үшін «тартушы» факторларына ол жақтарда бұрыннан қазақ диаспораларының болуы, ортақ ислам дінін ұстану себебі мен кеңестік биліктің қуғын-сүргін саясатынан алшақта болуы себептерін жатқызуға болады.

Түркия жерін таңдаған қазақтар үшін олардың түріктермен тарихи байланыстары мен ортақ мұсылман дінінің болуы себебінен басқа ерекше «тартушы» фактор болды. Оған жергілікті үкіметтің түркі халықтарын қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламасының болуы жатады. Осы бағдарлама аясында Түркия Республикасы түркі тілдес халықтарды өз қоғамына тарту бастамасын жүзеге асырды. Тіпті, көшіп барған қазақтарға саяси баспаналар беріліп, олардың жергілікті қоғамға интеграция процесін жеңілдетуге тырысты. Міне, осы тарихи жәйттер қазақтардың неліктен Түркияны таңдағанын көрсететін «тартушы» факторлар болады [12; 157 б.].

Осылайша, XX ғасырдың 20-30 жылдары босқыншылыққа ұшыраған қазақтар мәселесіне қатысты «итермелеуші-тартушы факторлар» теориясын қолданғанда олардың «итермелеуші» факторлары ретінде КСРО-ның ерекше қатал жүргізген саясатының салдарын келтірсе, ал басқа аумақтарға қоныс аударудағы «тартушы» факторлар олардың мәжбүрлі қоныс аударындағы тек саяси-экономикалық қана емес, сондай-ақ мәдени-тұрмыстық та себептерін қамтитынын анық байқаймыз.

2. *Мәжбүрлі көші-қон моделі.* Сонымен қатар аталған тақырыпқа қатысты миграциялық теориялар аясындағы мәжбүрлі көші-қон моделін де қолдану зерттеу тақырыбын жаңа қырынан аша түседі. Атап айтқанда, XX ғасырдың соңына қарай канадалық әлеуметтанушы ғалым Энтони Ричмонд тұжырымдаған бұл модель қоныс аударған халықтарды мәжбүрлі қоныс аударушы (мысалы: соғыс, геноцид, репрессия салдарынан) және еріксіз қоныс аударушылар (мысалы: экологиялық, климаттық апаттар салдарынан) деп екіге бөліп, олардың ерекшеліктерін көрсетеді [13; 12-15 бб.]. Аталған модельді қазақ босқыншыларына қатысты қолдансақ олардың мәжбүрлі қоныс аударғанын анық байқаймыз. Себебі олар ашаршылық, ұжымдастыру, қуғын-сүргін сияқты оқиғалар салдарынан басқа амалдары қалмағандықтан өзге елдерге көшулеріне тура келді [14; 5-7 бб.]. Яғни, олардың қоныс аударулары мәжбүрлі сипатта болды.

Сондай-ақ Э. Ричмонд осы мәжбүрлі қоныс аударушылардың өзін екі категорияға бөліп қарастырады. Біріншілеріне қандай да бір дағдарыстық жағдайда амалдың жоғынан тез арада кенеттен көшіп кетушілер жатады, оларды – реактивті мигранттар деп атайды. Ал екіншілеріне проактивті мигранттар, яғни, қандай да бір дағдарыс кезінде белгілі бір

дайындықпен, ойластырылып барып көшкен мигранттар жатады [15; 17-20 бб.]. Осыған байланысты қазақтардың негізінен реактивті мигранттар болғанын атаймыз. Олар көп жағдайларда белгілі бір тарихи оқиғаларға реакцияларын білдіріп, тез арада қоныс аударды. Бұл бірақ қазақтардың бәрі реактивті болды деген сөз емес. Себебі қазақтар арасында белді байлар, ақсүйек өкілдері өздерінің шекаралық аймақтардағы байланыстарын қосу, алдын ала жоспарлау арқылы қоныс аударғандары да болған [16].

3. *Транзиттік миграция теориясы.* Миграциялық теориялардың ішінде транзиттік миграция теориясы да ХХ ғасырдың 20-30 жылдардағы қазақтардың босқыншылығына қатысты қолданылып, өзіндік пайымдауларға ие. Атап айтқанда, бұл теория қоныс аударушылардың бірнеше елдер мен аймақтарды басып өтіп, соңғы нүктеге жетуіне дейінгі процесті зерттейді. Осы теория бойынша мигранттардың соңғы жету нүктесі басынан нақты айқын болмайды, ол тек әр түрлі жағдайлар аясында ауысып, өзгеріп отыруы мүмкін. Қоныс аударушылар транзиттік елдерде біраз уақытқа қалып қалуы мүмкін, бірақ ары қарай көшуін жалғастырады. Транзиттік елдерде мигранттар ешбір қоғамдық игілікке қол жеткізе алмайды, құқықтары шектелген болады. Олардың жағдайлары заңнамалық-құқықтық жағынан әлсіз болады. Сондай заңнамалық немесе саяси-экономикалық факторлар әсерінен кейбір мигранттар транзиттік елдерде біраз уақытқа «қалып қалуы» да мүмкін [17; сс. 101-102].

ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақтардың босқыншылыққа ұшырауы тұрғысында қазақтардың транзиттік миграциясы үш кезеңнен тұрады. Біріншісіне, қазақтардың өз атамекендерінен кету кезеңі. Бұл ХХ ғасырдың 20-30 жылдарына сәйкес келеді. Олардың негізгі маршруттары қазақ жерінен Қытай, Моңғолия бағыттарына қарай қоныс аударулары болды. Екінші кезеңге – транзиттік кезеңді жатқызамыз. Бұл шамамен ХХ ғасырдың 30-50 жылдары. Осы кезеңде босқыншылыққа ұшыраған қазақтар Қытайдағы жағдайдың күрделенуіне байланысты ары қарай Үндістан, Пәкістан, Түркия сияқты елдердің территорияларына қоныс аударды. Олар аталған мемлекеттерде тұрақты тұрақтап қалуға түрлі себептер болды [18; 155-156 бб.]. Ал соңында нақты тұрақтап қалуы – қазақтардың транзиттік миграциясының үшінші кезеңін құрайды. Бұл сол 1950 жылдардан бастап қазіргі кезге дейінгі уақыт аралығын қамтиды. Осы кезеңде қазақтар диаспора ретінде қалыптасып, сол елдімекендерде өмір сүрулерін тұрақтатты.

Қорытынды. Осылайша, қорыта айтқанда, ХХ ғасырдың 20–30 жылдарындағы қазақтардың босқыншылыққа ұшырауы - кеңестік биліктің ұжымдастыру, байларды тәркілеу және ашаршылыққа алып келген саясаттарының тікелей салдары болды. Бұл тарихи құбылыс тек нақты фактілер мен деректер арқылы ғана емес, сонымен қатар теориялық тұрғыдан да терең талдауды қажет етеді. Осы ретте, миграциялық теорияларды қолдану - босқыншылықты жай ғана халықтың бір жерден екінші жерге қоныс аударуы емес, оның себеп-салдарлық байланыстары бар күрделі процесс екенін түсіндіруге көмектеседі. Мысалы, Эверетт Лидің «итеруші» және «тартушы» факторлар моделі қазақтардың туған жерін тастап кетуін ішкі (аштық, қуғын) және сыртқы (Қытай, Өзбекстан секілді елдердегі салыстырмалы қауіпсіздік) себептермен түсіндіреді. Ал Э. Ричмондтың реактивті миграция теориясы бұл көші-қонды мәжбүрлі, стихиялық сипатта болған қозғалыс ретінде сипаттайды. Мұндай теориялық негіздер архивтік деректермен қатар қолданылғанда, қазақ босқыншылығының құрылымдық, саяси және әлеуметтік себептері тереңірек ашылады. Сонымен қатар, бұл теориялар халықтың миграциялық мінез-құлқын жалпыадамзаттық контексте қарастыруға мүмкіндік береді. Осылайша, миграциялық теориялар мақаланың тақырыбына тек методологиялық емес, мазмұндық тереңдік те береді. Олар тарихи процестерді кең ауқымда пайымдауға, жеке оқиғаларды жаһандық миграциялық үдерістермен байланыстыруға жағдай жасайды. Сондықтан, бұл теориялар қазақ халқы бастан кешкен босқыншылықтың табиғатын ғылыми тұрғыдан түсіндіруде маңызды құрал болып табылады.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Carr E. H. What is History? - London : Macmillan, 1961. - 209 p.
2. White H. Metahistory: The Historical Imagination in Nineteenth-Century Europe. - Baltimore : Johns Hopkins University Press, 1973. - 448 p.
3. Аманжолова Д. А. Советский проект в Казахстане: власть и этничность. 1920-1930-е гг. - М. : Институт российской истории РАН ; Центр гуманитарных инициатив, 2019. - 480 с.
4. Василенко П. В. Зарубежные теории миграции населения // Псковский регионологический журнал. - 2013. - № 16. - С. 36–42.
5. Lee E. S. A Theory of Migration // Demography. - 1966. - Vol. 3, No. 1. - P. 47–57.
6. Тахаева М. К. Трагедия казахского народа (сборник документов и материалов голода 20-х, 30-х годов XX века в Казахстане). - Алматы, 2010. - 412 с.
7. Кудайбергенова А. И., Мамытова С. Н., Кубеев Р. Д. Из архивных данных о пребывании казахских голодобеженцев на местах откочевки (1931–1933) // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». - 2022. - Т. 9, № 3. - С. 185–195.
8. Мендикулова Г. М., Атантаева Б. Ж. История миграций между Казахстаном и Китаем в 1860–1960-е гг. - Алматы : САГА, 2008. - 232 с.
9. Мендикулова Г. Казахская диаспора: история и современность. - Алматы, 2006. - 343 с.
10. Петров В. И. Мятежное сердце Азии. Синьцзян: краткая история народных движений и воспоминания. - М. : Крафт+, 2003. - 528 с.
11. Шәңгішбайұлы Ж. XX ғасырдағы Монғолия қазақтары. - Улаанбатар : Сорхон Цагаан, 2008. - 320 б.
12. Қалшабаева Б., Бейсеғулова А. Түркия қазақтарының этникалық сәйкестілігінің кейбір мәселелері // Journal of History. - 2018. - Т. 88, № 1. - Б. 153–160.
13. Richmond A. H. Sociological theories of international migration: The case of refugees // Current Sociology. - 1988. - Vol. 36, No. 2. - P. 7–25.
14. Омарбеков Т. Ашаршылық. - Алматы : Арыс, 2019. - 80 б.
15. Richmond A. H. Reactive migration: Sociological perspectives on refugee movements // Journal of Refugee Studies. - 1993. - Vol. 6, No. 1. - P. 7–24.
16. Байдалы Р. 1930 жылдардағы ашаршылық кезіндегі Орта Азия республикаларындағы қазақ босқындары // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». - 2020. - № 4. - Б. 78–90.
17. Черепанова М. И., Максимов М. Б., Сарыглар С. А. Моделирование воспроизводственных механизмов транзитной миграции // Society and Security Insights. - 2018. - Т. 1, № 2. - С. 100–112.
18. Мендикулова Г. М. Исторические судьбы казахской диаспоры: происхождение и развитие. - Алматы : Ғылым, 1997. - 264 с.

### ПАМЯТЬ О РЕПРЕССИЯХ В ИСКУССТВЕ И КУЛЬТУРЕ КАЗАХСТАНА: ОТРАЖЕНИЕ, ОСМЫСЛЕНИЕ И ТРАНСФОРМАЦИЯ

**Нурлигенова З.Н.**, м.п.н., старший преподаватель  
Карагандинский технический университет имени Абылкаса Сагинова  
Караганда, Казахстан  
[sauresch\\_nur@mail.ru](mailto:sauresch_nur@mail.ru)

Тема политических репрессий в Советском Союзе, включая трагические страницы истории Казахстана, долгое время оставалась под грифом секретности. Лишь с конца 1980-х годов начался процесс открытого обсуждения и переосмысления этих событий. Искусство и культура, как сферы наиболее чутко реагирующие на социальные травмы, сыграли